

«Айша» бөбекжайы

Бекітемін:



«Айша» бөбекжай менеджері:
Тулеугалиева.Б.Е.

Тақырыбы:

« Республика күні »



«Алақай» ересек тәрбиеші: Жиренова У.С.

2025ЖЫЛ

Тәрбие сағат тақырыбы : «Республика күні»

Мақсаты: Жас ұрпақты Отанын сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай – қуатты ел екендігін мақтан етуге үйрету, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.

Көрнекіліктер: Елбасы суреті, Ту, Елтаңба, ұлы тұлғалардың суретін ілу.

1.Әнұран

2.Шаттық шеңбер:

Дөңгеленіп тұрайық,

Шеңберді біз құрайық.

Қол ұстасып бәріміз

Ақ тілекті жолдайық!

-Әлемде нұр тыныштық,

Әрбір бейбіт күн ыстық.

Қайырлы таң бақшамыз,

Қайырлы күн достарым!

3.Сәлеметсіңдерме! Балалар біздің 25 Қазан Республика күніне арналған «Республика күні» тәрбие

сағатын өткелі отырмыз.. Адам шыр етіп дүниеге келгенде, кіндік қаны тамған жерін – Отан

дейді.Әрбір адамда Отанға деген, туған жерге деген ыстық сезім, үлкен махаббат болады.Алысқа

жолаушылап кетіп, туған жеріне оралған сәтте тауы да, тасы да саған ыстық болып тұрады.

Адамзаттың парызы - туған Отанын гүлдендіріп, сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу.

4.Балалар айтындаршы сендердің Отандарың, қасиетті мекендерің қай Республика?

Балалар;

-Қазақстан Республикасы.

-Президент кім?

-Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев.

-Отанымыздың астанасы қай қала?

-Астана қаласы

-Сендер қай қалада тұрасындар?

-Семей қаласы.

-Біздің еліміз қандай қасиеттерімен айбатты?

-Балалар: Отан менің жүрегім.

1.Ата заңым айбыным, Тәуелсіздік тірегім.

Елім, жерім кең байтақ, Отан менің жүрегім.

Елтаңба туым бар,

Басымды мен иемін. Қастерлі заңым бар, Әнұраным киелі./2-рет

2.Ата заңым ардағым,

Ана тілім байлығым. Шаңырағым құт-мекен, Аман тұрсын ай-күнің.

3.Әнұрамен сезілер,

Алтын ұя мектебім. Рәміздерін әйгілеп, Қазағымның есімін.

-Әнұран,Туы,Елтаңбасымен.

Ән: Отаным менің жүрегім

-Өте жақсы балалар.Сендер Отан, рәміздер туралы қандай тақпақтар білесіңдер?

5.Тақпақтар:

1.Республика күні бұл,

Мерекеміз мерейлі.

Тақпақ айтып жатаймыз,
Такылдатып көмейді.

2) Құттықтаймын сіздерді,
Республика күнімен.
Құтты болсын қазағым,
Қуанатын күнің ең...

3) Республика күнінде,
Ән айтамыз, билейміз.
Қайғы жұтып, алаңдап,
Мұнаюды білмейміз.

4) Балалармыз бақытты,
Мерекені тойлайтын.
Республика күнінде,
Бар жақсыны ойлайтын.

5) Мен бақытты баламын,
Айтқан тілді аламын.
Республика күнінде,
Жұлдыз болып жанамын.

6) Республика күні бұл,
Шаттығымды көбейтер.
Қазағымның үні бұл,
Тынысымды кеңейтер...

7)Құтты болсын, Қазағым,
Республика күні бұл.
Мерейлі де тәуелсіз,
Қазағымның үні бұл.

8) Республика жасай бер,
Атар таңың бақ сыйлап.
Тәуелсіз ел жасай бер,
Қуанышты күй сыйлап.

9.Республикам гажабым,
Артсын даңқың, ажарың.
Қазақ елі жанданып,
Таусылмасын базарың!

10.Республика күні бұл,
Құтты болсын гүл елім.
Көңілімнің нұрысын,
Сен деп соғад(ы) жүрегім.

11) Көңілге нұр сыйлайтын,
Республикам сен менің.
Өзің барда биіктеп,
Көтерілер еңсем мың!

12) Республикам сен барда,
Түспес менің көңілім.
Тәуелсіз ел айбыным,
Шуақ берер өмірім.

13) Жақсы көріп, сүйетін,
Республикам жаным бұл.
Шуақ берер шырайлы,
Сәтті атар таңым бұл.

14) Республикам киелім,
Соғып тұрар жүрегім.
Республикам жасай бер,
Мықты болып тірегің.

15) Республикам өзіңсің,
Сыйлар бізге гүл бағын.
Бір өзіңе арналар,
Таусылмайды жырларым.
Ойын : Менің отаным Қазақсан ойыны .
5 топқа бөлініп ұяшықтағы тапсырмаларды орындаймыз...

16) Республикам әнімсің,
Жүрегімде тербелер.
Ел жоқ шығар өзіңе,
Республикам тең келер.

17) Республика күні бұл,
Құтты болсын қазағым.
Елім менің тәуелсіз,
Таусылмасын базарың.

18) Азаттығы жанданған,
Жасай берсін еліміз.
Республика күнінде,
Гүлдей берсін жеріміз.

19) Жадыратып жанды бұл,
Нұр сыйласын арай, күн.
Құтты болсын бүгінгі,
Республика күні бұл.

20) Республикам асылым,

Жанға қуат беретін.

Мен балаңмын сен үшін,

Маржан сөзді теретін...

Азаттықта, жоқ уайым! Өте жақсы рахмет балалар.

-Балалар, халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы айтқан екен: «Отан үшін отқа түс, күймейсің», - деп. Басқа да батыр ағаларымыз, апаларымыз «Отан» деп жырлаған, қорғаған, қастерлеген және Отан үшін өмірлерін қиған екен. Біз де осы ата-апаларымыз сияқты Отанымызды қорғауымыз керек. Отан үшін еңбек ету керек.

-Сендердің еңбектерің- сендердің жақсы оқығандарың, тәртіпті бала болғандарың.

Қанаттарың болсын талмайтың,

Орта жолда қалмайтын.

Дендерің сау болсын балалар,

Аспанға ұзақ самғайтын.-деп,

Балалар осымен, «Қазақстан еліне саяхат» атты тәрбие сағатты өз мәресіне жетті. Сендерге көп рахмет. Сау болыңдар!



Анықтама.

Өткен күні: 24.10.2025ж

Тәрбие сағат тақырыбы : «Республика күні»

Тобы: «Алақай» ересек тобы

Мақсаты : Жас ұрпақты Отанын сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай – қуатты ел екендігін мақтан етуге үйрету, туған еліне , жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.

Қатысқан баласаны: 10

Қатысқан тәрбиешілер саны: 2

Тәрбиеші және көмекші.

Инстаграм желісіне жүктелді:

<https://www.instagram.com/reel/DOZR-e2ivul/?igsh=eWprYmc3Zmk3Njgw>